

Г.Р. Шерьязданова  
Х.С. Абдильдина

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: sheryazdang@gmail.com<sup>1</sup>, khorlanabdildina@gmail.com<sup>2</sup>)

## Жаһандану жағдайындағы ұлттық бірегейлік пен Қазақстанның ұлттық мүдделері турасындағы мәселелер

**Аңдатпа.** Мақалада, жаһандану үдерісінің зерттелу мәселелері қарастырыла отырып, осы жағдайдағы ұлттық мүдде мен бірегейлік мәселелерінің маңыздылығы көрсетіледі. Зерттеудің бірнеше пәндік саласы анықталып, соның ішінде қазақстандық қоғамға тән мүдделік принциптер бойынша, біздің қоғамның ерекшеліктерін тарихи және әлемдік саясат тұрғысынан қарастырады. Қазақстандық халықтың әлемдік деңгейде бет-бейнесі қандай, қандай құндылықтарды ерекше бағалайды, іс-әрекеттері қандай ұстанымдарға негізделген, қандай негізгі басымдықтарға мән береді, қандай идеялармен сусындаған деген сұрақтар арқылы қазақстандық халыққа сипаттама жасауға болады. Жаһандану жағдайындағы ұлттық мүдде және бірегейлік мәселесінің маңыздылығы да осында.

**Түйін сөздер:** Жаһандану үдерісі, ұлттық мүдде, бірегейлік, тұрақтылық, демократиялық даму, ұлттық құндылықтар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2020-133-4-183-194>

Түсті: 03.08.2020 / Жарияланымға рұқсат етілді: 25.12.2020

**Кіріспе.** Қазіргі заманғы әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың дәстүрлі және жаңа акторларының кез келген проблемаларын барлық әлемнің негізгі даму үдерісіне айналған жаһандану үдерісімен байланыстыра қарау әдетке айналып келеді. Бұл еліктеушілік немесе сән емес, керісінше, саясаткерлерге ынтымақтасудың түрлі жаңа үлгілерін іздестіру арқылы тиісті саяси шешімдер қабылдауға ынталандыратын, ал қажет болған жағдайда мәжбүрлей отырып, жаңа мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану мен ескі проблемалардан арылу аралығын қамтитын ғаламдық қажеттілік. «Жаһандану ғасыры» немесе «жаһанды өркениет ғасыры» деген атаумен тарихта қалуы мүмкін ХХІ ғасыр өзіндік ерекшеліктерге толы. Ауқымды мәселелерді шешуге расында жалғыз мемлекеттің күші жете бермейді, мұны

қазіргі нақты өмір де айқындап беріп отыр. Алайда қажеттіліктен туындап отырған бұл ауқымды үдерістің де қарама-қайшылықтары баршылық. Солардың бірі ұлттық мүдде және бірегейлік ұғымдарының маңайында болып отыр. Мақалада көпмәдениеттілік тәсілі аясында тарихи және салыстырмалы әдістер қолданылады.

**Ұлттық бірегейлік** Жаһандануға байланысты зерттеушілер үш жақты ойды ұстанады [1]. Бірі жаһандануға мүлдем қарсы болса, екіншісі оны жақтайды, үшіншісі оны табиғи құбылыс ретінде мойындайды. Бірінші топтағы зерттеушілердің ойынша, жаһандану экономикалық және мәдени империализмнің жаңа түрі. Себебі, жаһандану туралы теориялық негізді ағылшын, скандинавиялық, австралиялық және американдық ойшылдар қалаған. Сондықтан, олар жаһандануды

батыстанудың жаңарған формасы тұрғысынан қарайды. Екінші топтағылар жаһандануды заңды құбылыс ретінде, оның ерекшеліктері мен жетістіктерін айрықша көрсетеді және оны мемлекеттердің дамуындағы жаңа кезең ретінде қарауды ұсынады. Ал үшінші топтағылар жаһандануды сипаттай отырып, жас мемлекеттердің осы жағдайда өзін-өзі сақтап қалуына нұсқаулар береді. Біздің зерттеуіміздің міндеті де осы үшінші бағытқа негізделеді. Жаһандану жағдайындағы біздің мемлекеттің ұлттық мүддесі – адамның құқығы мен бостандығының қамтамасыз етілуі, елдегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау, халықтың бірлігі және игілігі болып табылады. Сонымен бірге, бәсекеге қабілетті және ұлттық ақпараттық кеңістікті қолдай отырып, қоршаған ортаның жай-күйін сақтай отырып, еліміздің даму басымдықтарына сай келетін халықаралық ынтымақтастықтың жай-күйін және жағымды имиджі мен беделін нығайту. Жаһандану құбылысын зерттеушілердің еңбектеріне біршама талқылаулар жүргізе отырып, жаһандану үдерісінің салдарын айтпастан бұрын, оның себептерін анықтап алғанымыз жөн деп шештік. Оны зерттеудің мақсаты ретінде қарай отырып, жан-жақты зерттеулердің негізі қалануы тиіс. Қазақстандағы ұлттық мүдде және бірегейлік мәселелерінің астарын толығымен зерттеу үшін жаһанданудан айналып өтуге болмайтындығы анықталды. Себебі, Қазақстандағы даму үдеріс демократиялық сипатта, ал демократиялық үдеріс қазіргі кездегі жаһанданудың бір тармағы ретінде саналады. Жаһандану табиғи құбылыс және оның тылсым күші қоғамның саяси және рухани салаларының тұрақтылығын, жасампаздығын және өзгешелігін сақтау және дамыту арқылы ашыла береді. Қалай десек те жаһандану жағдайында әлем екі сипатта көрініс тапқан. Мемлекеттердің бірі белсенді, үстем, екіншілері енжар, бағынқы болатындығын заман көрсетіп отыр. Жаһандану жағдайына байланысты қазақстандық ойшыл А.Н. Нысанбаев бірнеше болжамдар жасайды [2], оның ойынша, біріншіден, ұлттық болмысты

сақтауға тырысушылық, алайда қазіргі таңда бұл алғашқы сипатынан біршама өзгерген, екіншісі түрік-мұсылман әлемін қабылдау, бұл жағдайда ойшыл латын алфавитінің маңыздылығы туралы айтады. Ал ислам мәдениетіне келетін болсақ, қазақстандық қоғам діни плюрализмді қолдайды. Үшінші бағыт «еуразиялық мәдени кеңістік». Ойшыл Қазақстанның географиялық жағынан емес, әсіресе мәдени және демографиялық жағынан Еуропа мен Азияның ортасындағы кеңістіктен және сонымен бірге тарихымыз арқылы да алшақ кете алмаймыз деп көрсетеді [3]. Бұған қоса, осы территорияда өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың мәдени-рухани әлемінің салт-дәстүрлерінің ұқсастығын тілге тиек етеді. Осы бағыттармен қоса, төртінші бағыт «ортаазиялық кеңістіктің» қалыптасу мүмкіндігін айтуға болады. Себебі, жоғарыдағы үш бағытта да Қазақстан өзінің пәрменділігін, жоғарғы мәртебесін көрсетуі қиынға соғады, ал «ортаазиялық барысқа» [4] айналуына мүмкіндіктер жоқ емес. Орта Азиядағы мәртебесінің көтерілуінен Қазақстан еуразиялық мәдениетте де өз маңыздылығын көрсете алады. «Ортаазиялық кеңістік» идеясы кеңестік дәуір құлағаннан кейін пайда болып отыр. Алайда бұл идеяның негізінде бірнеше тарихи тағылымдар жатыр. Біріншіден, Кеңес Одағының Орталық Азияға қатысты жүргізген бытыраңқылық саясаты, Сталиннің «бөліп ал да, билей бер» дейтін империялық ұстанымын айта кету қажет. Тілі ұқсас, діні бір, мәдениеті ортақ, тарихы ортақ бірнеше ортаазиялық ұлттарды бөліп, олардың арасына жік салды, соның салдарынан бұл мемлекеттердің өзара байланысында, қарым-қатынасында салқынқандылық пайда болды. Орталық Азияны аумақтарға бөлу арқылы, туысқан елдердің тілі мен мәдениетінде кездесетін айырмашылықтарды ерекше етіп көрсету арқылы, оларды бөліп тастады.

«Ортаазиялық кеңістік» идеясының екінші тағылымы жалпы XX ғасырдың басынан басталып, аяғына дейін кезеңдеп жалғасатын ұлтшылдық теке-тірестер. Әрине, әрбір мемлекеттің өзіне тән ұлттық мүдделері бар. Алайда, бұл мүдделер

тек халықаралық шешімдер шеңберінде жүзеге асырылып отырылуы тиіс, яғни, бір елдің ұлттық мүддесінің шешілуінен екінші ел зардап шекпеуі абзал. Бірақ, бірінші, одан кейінгі екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері және XX ғасырдың соңынан бастау алатын бұрынғы кеңестік кеңістіктегі, араб елдеріндегі қақтығыстардың себептері де осы ұлттық мүдденің шектен шығып, ұлтшылдық сипат алып отырғанын көрсетеді. Сондықтан, мұндай ұлтшылдық сипаттағы қақтығыстардың алдын алу қажет. «Ортаазиялық кеңістік» идеясының үшінші тарихи тағылымы өте тереңде жатыр. Әрине, бұл тағылымды бірінші атауға да болушы еді, алайда бұның тәлімі де, өнегесі де басқа. «Бұл тағылым – жалпы Орталық Азияның тарихи бірегейлігінде болып отыр» [5]. Тарихтағы Жібек Жолының сауда, экономикалық және саяси маңыздылығын ескеретін болсақ, бұл аймақ болашақта геосаяси және геοэкономикалық маңызды аймаққа айналуы әбден мүмкін тұжырым.

Бұдан басқа қазақстандық футурологтар жаһандандудың төрт бағытын көрсеткен. Олар: библиялық мәдениет, ведальқ мәдениет, исламдық мәдениет және еуразиялық мәдениет. Осылардың ішінде еуразиялық мәдениет рухани-саяси және идеялық жағынан негізделген болып табылады. Солай дей келе бұл бағыттардың толық дамымағандықтарын көрсете отыра, көпшіліктің жалпы жаһанды бірігудің мүмкін еместігіне сенетін стереотиптердің болуын да айтады. Жаһандандуды зерттеудің үш пәндік саласын, зерттеудегі әдістемелік бағыттарды айта кетуге болады. Бірінші зерттеу әдістемесі немесе пәндік сала – жаһандану интегративті ғылыми ілім болып табылады. Оның нақты, жеке ғылыми пәндерден айырмашылығы, бұл ғылыми ілім объективті жаһандану үрдістерін түсінуге және жаһандану тудырған мәселелер мен тәуекелге барушылықтарды шешуге бағытталған болып табылады. Осы мәселелерді шешудегі микро, мезо, макро, мега деңгейлерге мән беру. Бұл дегеніміз, осы пәндік сала бойынша жаһандандудың көп деңгейлі және көп астарлы ерекшеліктерін

ескере отырып ғылым саласында жеке зерттеу тармағын қалыптастыру қажет. Екінші пәндік сала – жаһандандуды нақтылық феномені ретінде қалыптастыру болып табылады. Мұнда зерттеліп отырған жаһандандудың нақтылығы мен ғылыми ойдың өзара байланысындағы қарама-қайшылықтарға сараптама жасалынады. Маңызды жағдай жаһандану контекстіндегі ғылыми-техникалық үдеріс пен ақпараттық революция тақырыбы. Біздің ойымызша, жаһандандудың негізінде мәдениеттің дамуы жатыр деген ойды қалыптастыруға болады. Мәдениеттің дамуы барысында, ақпарат жүйелерінің қарқынды дамуына байланысты өркениеттердің арасындағы байланыс біртіндеп үлкейе берген. Сонымен бірге әлемдік деңгейдегі ауқымды мәселелерді шешу де жаһандандудың қалыптасуына себеп болады. Сондықтан, бұл пәндік сала бойынша жаһандандудың басты негізі, себебі мәдениет пен өркениет болып табылады. Үшінші пәндік немесе зерттеу саласы – «жаһандандудың теориялық рефлексиясы ретінде зерттеу объектісі болып табылады» [6]. Бұл бағыт қазіргі ғылымда аз зерттелген саланың бірі ретінде саналады. Біздің ойымызша жаһандандудың табиғатын анықтау үшін ғылым тарихының кезеңдеріндегі жаһандандуды зерттеу теорияларын, тұжырымдамаларын жүйелеу қажет. Тарихи-философиялық сараптама арқылы жаһандандудың даму үдерісіне зерттеу жүргізуге болады.

**Мәдени код.** Мәдени код XX ғасырдың ортасында семиотика – құрылымды лингвистика, ақпарат теориясы, кибернетика және логика сынды ғылымдардың тоғысуынан пайда болған мәдениеттанулық дикурстағы жаңа ұғым болып табылады. Оның авторы ретінде семиосфера концепциясын құрушы, ресейлік тіл маманы және мәдениеттанушы Ю.М. Лотман болып саналады. Ю.М. Лотманның ойынша, семиотика дегеніміз – мәдени қарым-қатынас үдерісінде пайдаланатын коммуникативті жүйелер мен таңбалар туралы ғылым.

Сонымен бірге, мәдени код нақты бір мәдениеттің түрін, халыққа ата-бабадан

қалған, ерекше мәдени ерекшеліктерді тану кілті; бұл мәдениетті бірегейлендіретін кодталған қандай да бір ақпарат. Мәдени код санадағы кейбір стереотиптердің кешенімен байланысты сипаттарды анықтай алады. Мәдени қарым-қатынастағы белгілерге не жатады? Біріншіден – рухани білімді жария ету тілі, содан кейін мәдени констант ретіндегі дәстүр, оның мақсаты – сақтау, сәйкесінше, мәдени ақпаратты жинақтап, кодтау. Мәдени байланыста, дәл осы мәдениетке қана жататын ерекшелікті анықтайтын белгілер. Олар, мәдени кеңістікте нақты индикатор бола алатын сәулет, поэзия, фольклор, аңыз, дәстүр сынды көрініс тапқан рәміздер.

Гуманитарлық ілімге мәдени код категориясы нақты ғылымдардың ғылыми-ұғым аппаратынан алу нәтижесінде келген. «Код» термині латынның *codex* – «кітап» деген сөзінен шыққан, ақпаратты жеткізетін белгілер, дыбыстар жүйесі ретіндегі ұғымды білдіреді. Көбіне, код ұғымын пайдалану сандық белгілер мен рәміздерде кездеседі. Код ұғымымен пайда болған ассоциация бізге белгілі бір ақпарат немесе бірегейленудің көзі ретіндегі сандық жүйенің кілті немесе құпиясөзі ретінде түсіндіріле отырып, қандай да бір субъектіні «өзімдікі» ретінде тану және қабылдау үдерісі жүреді.

Мәдени кодтың ерекшелігі нақты бір мәдениет туралы білімді игеру, сол білім арқылы оның дәстүрін қабылдау және орындау, оның құндылықтарына жүгіну, ол өз кезегінде сол мәдениеттің өкілін «өзімдікі» деп қабылдауға рұқсат береді. Осыдан, «код» деген терминді ақпараттық қоғам және сандық сана дәуірінде қолдану өз мәдениетінің өкілін «өзімдікі» ретінде мойындау арқылы өз мәдениетін танудың мәнін көрсететін ең нақты термин болып табылады. Бұл, мәдени кодтың қазіргі заманауи сандық қоғамдағы мәдени бірегейленудің принципін көрсетеді, ал ол өз кезегінде гуманитарлық салада сандық қоғамның ұғымдарының енуін байқатып отыр. Бірегейлену типологиясында мәдени бірегейлену мәдениет атты ұғымға қатысы бар философиялық термин болып саналады. «Мәдениет» термині латынның

«*cultura*» сөзінен шыққан қоршаған ортаны немесе табиғатты өңдеу деген мағына береді. Мәдениет жасанды өмір сүру ортасы ретінде табиғатқа ұарсы тұрады.

Мәдениет ұғымын өркениет, білім және тәрбие ұғымдарымен де бірлестіре отырып түсіндіруге болады. Осыдан келіп, мәдениетті адам – ол білімді және қандай да бір дәстүр жүйесінде тәрбие алған адамды айтамыз. Сондықтан, мәдени код анықталып отырған қандай да бір мәдени дәстүрді түсінуге жол ашады, оның ежелгі этностық дәстүрлері арқылы, ата-бабадан келе жатқан мәдени ерекшеліктерінің бірегейленген кілті болып саналады. Кейбір, К.Леви-Стросс сынды зерттеушілер және олардың ілімін жалғастырушылар, мәдениеттанушы-структуралистер мәдениетті әмбебап феномен ретінде бағалап, оның құрылымдық бірлік идеясын қолдайды, себебі, мәдениеттің элементтері болып саналатын, мифология, дін, әдет-құрыптардың өзіндік ерекше табиғаты бар екендігін және олар әрбір мәдениет түрінде өзіндік жағдайда қайталанып отыратынын алға тартады. Бірақ, әрбір этнос, әрбір ұлт әрине өзіндік тарихи дамуында мәдени ерекшеліктерге ие. Осыдан келіп, мәдениет ұғымын кең мағынада көпқырлы, толып жатқан әртүрлі мәдени кодтардың жиынтығы ретінде санауға болады деп қорытынды жасауға болады.

Мәдениет кодтардың жиынтығы ретінде адамға қандай да бір анықталған іс-әрекеттер жүйесін сiңiредi, ол оның ойлар арқылы, тіпті оған ықпал да етуі мүмкін. Сөйтіп, адамның бойында мәдени бірегейлену үдерісі жүреді. Айта кету керек, индивидтің бойындағы мәдени бірегейлену саналы түрде сол, өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы мәдени нормалар мен принциптерді қабылдау арқылы және құндықты бағдарлар мен тілді қалыптастыру арқылы жүзеге асады, нәтижесінде адам сол қоғамдағы мәдени үлгімен бірегейленеді. Осыдан келіп, мәдениетті адам дегеніміз – сол қоғамның сыртқы тәртіп көрінісін көрсететін этикетті иеленген және сол қоғам қалыптастырған адамгершілік принциптер арқылы өзіне тыйым салып отыратын адам.

Қандай да бір адамды мәдениетті деп санау, мәдениеттің типіне сай анықталады. Не нәрсе дұрыс, не нәрсе қате, не нәрсе әдемі, не нәрсе әдемі емес, отбасында қандай тәртіп стереотиптері орныққан, қоғамдағы ер мен әйелдің, жас пен кәрінің қарым-қатынастарында қандай мәдениеттің үлгілері қалыптасқан, осылардың барлығы сол қоғамдағы мәдениеттің типін анықтайды. Бұл өз кезегінде, мәдени бірегейлік және мәдени кодпен анықталатыны сөзсіз.

Мысалы, ортодоксалді ислам елдеріндегі әйел адам Батыстағы либералді және мұсылман зайырлы мемлекеттеріндегі әйелдерден түбірімен өзгеше болып келеді. Дегенмен, әр қоғамда өзінде қалыптасқан әйелдерге қатысты тәртіп стереотипі сол қоғам үшін дұрыс және мәдениетті болып саналады.

Батыстағы либералді қоғамдардағы әйел мен еркек теңдігі, әйел мен еркектің тең дәрежедегі еркіндігі мен жауапкершілігіне алып келеді. Шығыстағы патриархалды қарым-қатынас әйелдерді еркектерге тәуелді етіп қойған. Ал, Шығыс пен Батыстағы ортодоксалді қауымдастықтардағы әйелдерге берілген орын діни канондар арқылы нақты анықталған. Бұл жағдайда, дәл сол мәдени кодқа сай келетін жалпыға ортақ стандарттарға сәйкес келетін тәртіп мәдениетті болып қабылданады. Индивидтің бойындағы мәдени бірегейлену, оның бойындағы нақты қасиеттерге байланысты қалыптасады. Өзіне сәйкес келетін қандай да бір қарым-қатынас формасын, үлгіні таңдай отырып, оның бойында мәдени құбылыстарға қатысты жағымды және жағымсыз көзқарастар қалыптасып отырады. Біз қарастырып отырған контексте Қазақстанның мәдени бірегейлігіне тоқталып отырмыз. Бұл жерде баршамызға белгілі мультимәдени теорияға негізделген қазақстандықтардың азаматтық бірегейлігі мен мемлекетті қалыптастырушы этнос – қазақ елінің этностық бірегейлігіне негізделеді. Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер үшін бұл бірегейліктің түрі, яғни азаматтық және этностық бірегейлік, анағұрлым өзекті мәселелердің бірі болып қалып отыр.

Этникалық бірегейліктің негізінде қандық туыстық жатқандықтан, ол көрініс тауып отырған дәстүр, мәдениет, ортақ тарих, тіл және қандық бірегейлік құбылыстарынан нәр ала алады. Этникалық ұлтшылдық әртүрлі этникалық топтардың артефактілерінен, аңыздары мен рәміздерінен қалыптасқан этникалық символизмнен сусындайды, бұл өз кезегінде өте мықты этникалық бірегейлікке импульс бола алады, әсіресе бұл жағдай кеңестік дәуірден кейінгі қоғамдарда анық байқалады. Демократияның жаңа жағдайында, мәдени, этникалық, этностық және азаматтық бірегейлік, оның ішінде Қазақстанды жеке алып қарайтын болсақ, осы қоғамдағы әртүрлі диаспоралардың, этникалық аз топтардың және мемлекетті қалыптастырушы этностың көпшілік мүдделерінің ара-қатынасын құрайды, бұл жағдай мультимәдени теорияларда жақсы қарастырылған.

Мультимәденилік либералді теория ретінде мәдени плюрализмді қалыптастыра отырып, ұлттық және әлеуметтік аз топтардың құқықтарын қорғауды ұсынады, сол арқылы ортақ саяси қауымдастық ішінде мәдени әртүрліліктің болуын қамтамасыз етуге болатынын дәлелдейді. Сондықтан да бұл тұжырымдаманы либералді културализм теориясы деп те атайды.[7]. Батыстық саяси философия саласындағы атақты зерттеуші У. Кимлика өзінің «Liberal Multiculturalism as a Political Theory of State-Minority Relations» атты еңбегінде негізгі мультимәденилік мәселені анықтайды. «Көпмәдениеттіліктің негізгі мәселесі - көпшіліктің мемлекет құру әрекеттері азшылықтарға әділетсіздік тудырады ма?» [8]

Мультимәденилік сонымен бірге, қазақстандық ғылымда өзекті дискурсты қалыптастырып отыр, себебі, ол Қазақстандағы азаматтық және этникалық бірегейліктің арақатынасындағы мәселені көтеріп отыр.

Ағылшын тілінің Collins сөздігі «мультикультурализмді» (біздің аударамыздағы «мультимәденилік») «қауым немесе қоғамдағы этникалық мәдениеттің әртүрлілігін қолдайтын саясат» деп

түсіндіреді. Мультимәденилік ХХ ғасырдың 80-жылдарының аяғы мен 90-жылдардың басындағы еуропалық емес миграцияның толқынымен байланысты пайда болған. Ол Италия, Грекия, Португалия, Испания, Ирландия сынды еуропалық елдерді қамтиды. Мысалы, Францияны алатын болсақ, 1995 жылы тұрғындарының 11%-ы иммигранттар болған. Батыс Германия 60-шы және 80-ші жылдары еуропалық емес халықтың жаппай қоныс аударуына мысал бола алады, ал Швецияда 90-жылдардың ортасында тұрғындардың 10%-ын басқа мемлекеттен келгендер құраған. 90-жылдардың басында Лондонның бестен бір бөлігін, Брюссель немесе Франкфурт тұрғындарының төрттен бір бөлігін Түркия, Араб елдері, Африка және Азия елдерінен шыққан қоныс аударушылар құраған.

Мультимәдениліктің пайда болуы осындай үлкен миграциялық толқындарды реттеу үшін саяси ақталған және құрылымды сипаттағы құбылыс болып табылады. Мультимәдени теорияның мақсаты, либерализм мен демократияның құндылықтарына негізделі отырып, бір жағынан иммигранттардың Еуропадағы бөтен мәдени дәстүрге оңай сіңісіп кетуіне, екінші жағынан, еуропалықтардың қоныс аударушыларға мәмілелік қарым-қатынастарының пайда болуына жағдай жасау болып табылды. М. Лаумулин былай дейді: «Мультимәденилік өзінің қалыптасу кезеңінде иммигранттардың өз мәдениеті мен өзіндік тұрмысын сақтауға деген құқылы және міндетті екендігін және бұл заманауи еуропалық ұлттарды мәдени мозаикаға ұқсастықта көрсететін теория болды» [9]. Барлығымызға белгілі, Қазақстан – көпэтносты мемлекет, мұнда 130 этнос өкілдері тұрады деп саналады. Қазақстан посткеңестік дәуірден демократияға жылжыған жас мемлекет болып саналады. Мұнда, саяси реформалар, оның ішінде, Конституциядағы өзгерістер, атап айтсақ, сайлау жүйесінде Қазақстанның Халық Ассамблеясының мәртебесінің анықталуын айтса да болады. Бұл орган, осы қазақстандық қоғамдағы мультимәдениліктің белгісі ретінде қалыптаса отырып, осындағы

мәдени, этностық әртүрлілікті қамтамасыз етіп отыр және заң шығарушы биліктен тоғыз орынды иелене отырып, осы саладағы жетекші кеңес болып табылады.

Осыларды саралай отырып, Қазақстандағы мультимәденилік маңызды саяси нақтылық деп және ол демократия мен либерализм негізінде этникалық көпшілік пен азшылықтың мүдделер қатынасындағы либералді принциптерді сақтайды деп тұжырым жасауға болады.

**Дискуссия.** Жаһанданудың саяси және рухани саладағы өрбуіне болжам жасайтын болсақ, ол әлемдік деңгейдегі әлемдік үстемдіктің орнауына алып келуі мүмкін. Бұл жағдайда біздің Елбасының экономика және саясаттағы көпвекторлық саясатының жоғары бағаланатынын байқауымызға болады. Себебі, көпвекторлық принцип әлемдік саясатта бірнеше халықаралық ұйымдарға мүше болуға жол ашады. Қазіргі ақпараттық, әлеуметтік және техногенді факторлардың өте жылдам ырғақпен өзгеруінің нәтижесінде қоғамда бірнеше дағдарысты жағдайларды байқауға болады. Әлемдік деңгейдегі халық санының өсуі, қоғамның әділетсіз түрдегі теңсіздігі, терроризм, тұтынушылық қажеттіліктің өсуі, мұның бәрі жаһандану үдерісіне жағдай жасайды. Себебі, аталған дағдарыстарды шешуде жеке мемлекеттің әлі жетпейді, сондықтан олар бірігуге ұмтылады. Жаһандану үдерісін зерттеушілер жаһандануға кедергі келтіретін бірнеше себептерді көрсетеді. Олар жаһандану жайлы ортақ тұжырымдаманың жоқтығы, мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуындағы үлкен айырмашылық, әлем халықтарының ментальдық дүниесінің айырмашылығы. Жалпы жаһандануды зерттеуге байланысты жоғарыдағы тенденцияларды қарастыра отырып, жаһандану жағдайында халық менталитетінің өзгеру ерекшеліктері және соның ішінде саяси үдерістердің менталді астарының өзгеру тұстарын ашуға тырыстық. Адамзаттың дамуында, жалпылықтан жалқылыққа, одан кейін қайтадан жалқылықтан жалпылыққа ауысу үрдісін байқауға болады. Алғашқы қауымдық

құрылысты алсақ, адамдардың табиғи жағдайында олар ешқандай әлеуметтік топтарға бөлінбеген, яғни жалпылық. Одан кейін біртіндеп топтарға, руларға, тайпаларға, қауымдастықтарға, бірлестіктерге, ұйымдарға, этностарға, ұлттарға, мемлекеттерге, қоғамдарға, таптарға және т.б. бөлінді. Әрбір топтың, рудың, тайпаның, қауымдастықтың, бірлестіктің, ұйымның, таптың, этностың, ұлттың, мемлекеттің, қоғамның өзіне ғана тән ерекшеліктері қалыптасып, ол басымды үрдіс болып саналған. Уақыт өте келе адамдардың физикалық, интеллектуалды, рухани әлсіреуіне байланысты олар қайтадан ірі қауымдастықтарға бірігуді қажет ете бастаған. Сөйтіп қарап отырсақ, жаһандану адамзаттық қажеттілік ретінде де дамып келе жатыр деп айтуға болады.

Жаһандастыру жағдайында - әлемдегі экономикалық, мәдени және қаржылық байланыстардың бір біріне тартылысуы және бірігуі кең көлем алып, күшеюде – біз көбіне «орын кеңістігінде» емес, «ағымдар кеңістігінде» өмір сүреміз. Бұл кеңістік «қысқарып» келеді, уақыт «жоғалып келеді», біз «қысылып бара жатырмыз» және сондықтан да бәріміз бірігіп те келе жатқандаймыз [10]. Жоғарыдағы салыстыруларды түсіндіретін болсақ, жаһандану үдерісі жалпы мемлекеттен, қоғамнан, әрбір жеке тұлғадан ширақтықты, мобилділікті, белсенділікті, бәсекеге қабілеттілікті, ортақ келісімге келе алушылықты талап етуде. Бұл қазіргі ұлттық мүдденің негізгі принциптерімен үйлесімді болып келеді. Алайда адамзат қауымы өзінің даму барысындағы ең бір күрделі кезеңді басынан өткеруде, әлем бір жағынан ұйымдасқан, екінші жағынан хаосқа кірген, бір жағынан жаһандасуда, екінші жағынан локалдықты жақтайды, бір жағынан бірігеді, екінші жағынан бөлінеді. Яғни, жаһанданудың тағы бір ерекшелігі, оның екі қырлығында: бір жағынан, ол ірілік пен даралық, екінші жағынан әлсіздік пен бірігуге тырысушылық. Жаһандану мәселесімен шұғылданып жүргендер: «әлемде үлкен соғыс жүріп жатыр, бірақ ол атыссыз, оқсыз соғыс, тіршілік үшін соғыс. Бұл соғыстың жаңа түрі

- әлемді билеу үшін психологиялық және экономикалық соғыс. Бәсекелестік әлемде әмбебап кредоға, идеологияға айналған. Трансұлттық компаниялар планетаны тұтас бір жаһанды базар деп есептейді. Жаһандастыру мемлекеттер арасындағы өзара бейбітшілікке қауіп тудырады – осы жағдайда қарамағында, яғни қол астында жаңа технологиялар мен арзан, бірақ жоғары білікті жұмыс күшін иеленген кейбіреулер ғана бекіп, өзін өзі көрсетіп тұрақтап қала алады деп ескертеді.

Жалпы адамзаттық құндылықтарға келетін болсақ, бұлар жаһандану үдерісінің қажеттілігін көрсетеді. Ол айталық, адам құқығы, демократия, экологиялық мәселелер және тағы басқалары. Алайда бұдан басқа қазіргі жаһандану жағдайында экстремистік топтар, террористік ұйымдар, бір сөзбен айтқанда қылмыстық әлем де ғаламдануда. Әсіресе осы жағдай әрбір мемлекетті алаңдатады. Мемлекеттік тұтастыққа, діни және ұлттық татулыққа, ұлттық санаға, қоғамдық келісімге қарсы «демократияны орнату» деген әдемі идеяны бүркемелеп тарап жатқан да үдерістер жеткілікті. Бұл ұлттық бірегейлікке, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді мүмкін етеді.

Сонымен, жаһанданудың ішкі сипатына көрініс бола алатын факторлар болып, діни және демократиялық идеялар саналады. Неге? Себебі осы екі идеяны біріктіретін белгілер: адами құндылықтардың жоғарғы деңгейін дәріптейді, кез келген адамға жақын және рухани, адамзаттық қажеттіліктен туындаған құбылыстар болып саналады. Жаһандануға байланысты тағы да мынадай пікірлер кең таралған. Мысалы, жаһандастыру саяси билік пен ұлттық мемлекеттерді басқаруды құртуға әкеледі, бұл Д. Беллдің формуласы бойынша «үлкен тұрмыстық мәселелерге бұл кішкентай болуы, керісінше кішкентайларға - тым үлкен болуы мүмкін». Біздің ойымызша, зерттеушінің айтқысы келіп отырғаны, егер дамыған, ірі мемлекет немесе басқа мемлекеттерге өзінің үстемдігін күрсетуге ұмтылатын мемлекеттер үшін жаһандану үдерісі құрал немесе тіпті мүмкіндік болып

табылатын болса, керісінше жас, дамушы мемлекеттер үшін немесе бейбіт, дәстүрлі мемлекеттер үшін бұл үдеріс күрделі мәселе, «бас ауыртатын» құбылыс болып табылады.

Ойымызды одан әрі жалғастыратын болсақ, бұл жерде Батыс пен Шығысты салыстыруға болады. Негізінен, жаһандастырудың бесігі – Батыс болып табылатындықтан, олар жаһандастырудың жағымды тенденцияларын ойлап шығаруда. Әрине бұл ғажайып, ерекше құбылыс дамыған және дамып келе жатқан Шығыс елдері үшін өте қауіпті деп те айтуға болады. Таңғажайып өмір салты мен қоғамдық болмысы бар Шығыс үшін жаһандастыру тіпті келмейтін дүние. Сондықтан негізгі маңыздылық, осы ХХІ ғасырдағы жаһандастыру жағдайында Қазақстанның саясаты мен шығыстық елдерінің өзгешелігін, ерекшелігін сақтап қалу негізгі басымдылық болып қалуы тиіс деп айтға болады.

Өркениеттер «диалогынан» өз ұлттық мәдени құндылықтарын сақтап қалудың бірден-бір тиімді жолы – ұлттық мемлекетті күшейту. Бұл жаһандастыру саясатының «өркениеттердің, аймақтардың, ұлттық мемлекеттердің, мемлекеттілігі жоқ халықтардың өз тарихын түзуіне ғаламат жағдай жасауы. Әлемде халықтар мен аймақтардың өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігін сезінуі... Жергілікті ұлттық дәстүрлер мен ерекшеліктерді сақтап қалуы қазір ғаламдық феномен болып отыр»

Жаһандану үдерісі арқылы әркім өзінің кім екенін көрсетуге мүмкіндік алды. Сондықтан, мемлекеттік дейгейде салауатты және мықты саясат керек.

Бұл үшін әуелі екі міндетті жүзеге асырудамыз:

1. ұлттық мәдени ерекшелігімізді сақтаудың ұтымды тұжырымдамасы;

2. мемлекеттік жаһандану үрдісінде сақтықпен қимылдау.

Қоғамдық жүйе күрделене түскен сайын оның өзіне тән құндылықтар дифференциациясы болатыны сияқты, осы көптүрлілік Қазақстанға да тән:

- қоғамның әлеуметтік, этникалық, діни тұрғыда жіктелуі;

- кейбір институттар құндылықтарының қайшылықта болуы.

Сонымен қатар қазақ халқының гуманистік, этикалық терең рухты болмысы, тарихи дәстүрлі құндылықтары ұлт болып құрылып, көрінуіне мүмкіндік береді. Атап айтқанда:

- ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан тілі, діні, ділі;

- мәдениеті;

- рухани болмысы (ұлттық философиясы, әдебиеті, тәлім-тәрбиесі).

Демократиялық мемлекетте күллі ұлттық топтардың құқығы сенімді түрде заңмен қорғалуы шарт, міне, бұл біздің нақты іс-тәжірибемізге сай келеді. Тарихи таяу болашақта жұрттың бәрін бір ғана қазақстандық ұлтқа айналдыру міндеті тұрған жоқ. Өйткені бұл Қазақстан халқының этникалық, діни, мәдени алуандығына байланысты мүмкін де емес. Демократиялық Қазақстан таяудағы кеңес тарихында қайғылы аяқталған ассимиляциялаудың күштеу тәртібінен бастарқандықтан да мүмкін емес. Ең ақырында, қазақ халқы бүгінде ұлтты шұғыл біріктіріп нығайтуға қабілетті этникалық сана-сезімді дамыту міндетін өзі шешіп жатқандықтан да мүмкін емес. Сондықтан, бірегейлендірудің бірінші деңгейінің мәні - өзіміздің азаматтық саяси тағдырымызды барша азаматтардың тағдырымен бірдей дәрежеде қорғайтын Қазақстан мемлекетімен ұштастыруда жатыр. Бұл - біздің бірлігіміз бен орнықтылығымыздың іргетасы. Бірегейліктің екінші деңгейі қазақтардың өздерінің ұлттық бірегейлігіне де байланысты. Бұл еңбектің идеясы да қазақтың ұлт ретінде өзін-өзі түсінуі мен рухани өрістерін өзінің анықтау проблемасына орай туындаған болатын». Қазақстан мемлекетінің бірегейленуі, оның жаһандану үдерісінде сыртта қалып қоймауына септігін тигізеді. Әрине, халықтың бірегейленуінде басты тұғыр қазақ ұлты екені белгілі. Алайда бірнеше мәселелерге байланысты қазақ ұлты елді тұтастандыратындай халге әлі жеткен жоқ. Оның ұлт ретінде өзінің алдына шешімін таба алмай келе жатқан қиындықтары бар. Десек те, қазақ ұлтының ұлттық менталитетіндегі



құндылықтарды біз жоққа шығара алмаймыз. Әсіресе, мәмілелік, келісімге келушілік, бейімделгіш қасиеті, бейбілшілікті қалауы, қонақжайлылығы, ашықтығы, сабырлығы, бөтенге түсінушілікпен қарауы тағы да толып жатқан басқа да қасиеттері мемлекеттік саясаттың негізгі идеяларына айналуы тиіс. Жағымды ұлттық қасиеттер мемлекеттік саясаттың тұғырына айналғаннан мемлекетте тұратын басқа этностар зардап шекпейді, керісінше бұл қасиеттерді кез келген ұлттың менталитетінен кездестіруге әбден болады. Бұл тек уақыттың еншісінде. Сонымен қазақстандық саясат жаһандану үдерісі барысында өз басымдықтарының өзгеріссіз қалатынын және бұл саясат ұлттық мүддені қамтамасыз етуге бағытталатындығын ерекше атап көрсетіп отыр. Бұл саясат жалпы ұлтаралық келсімге негізделетіні сөзсіз, және де бірегейліктің негізінде заңмен қорғалған азаматтық ұстанымдар жатады.

Жаһандану үдерісін зерттеушілер тағы да мынадай ой ұсынады, яғни жаһандану барысында үлкен мән Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-әрекетке беріледі. Бұл Қазақстанның Батыс пен Шығысты жалғастырып тұрған негізгі миссиясына келіп тірелетіні сөзсіз. Сондықтан Шығыстың саясатын, соның ішінде көршілес елдердің саясатын зерттеп, білу арқылы біз Шығысқа қаншалықты жақын екенімізді сезіне аламыз. Сонымен бірге, біздің ойымызша, жаһандану жағдайында бұл міндет маңызды болып табылады. Жоғарыда айтылған тарихи тағылымның соңғысына тағы да толығырақ тоқталар болсақ XV ғасырдың аяғына дейін Орталық Азия әлемдік экономикадағы маңызды аймақтардың бірі болды. Біздің аймақ Батыс пен Шығысты байланыстырып отырды. Халықтар территорияларға, ұлттарға бөлінбеді. Жібек жолының тоқтауынан бұл аймақ арта қалды. Енді 500 жылдан кейін бұл жер қайтадан әлемдік экономика үшін маңызды экономикалық аймақ бола бастады. Біз өзіміздің транзиттік мүмкіндіктерімізді бекіте бастадық, әлемдік нарықта құнды тауарларды таситын елдің бірі бола бастадық. Ол: мұнай, газ, кен және ауылшаруашылық

шикізаттары. Қазірден белгілі, бұрынғы Жібек жолын жаңғыртатын мұнай газ жолдары мен көлік- және темір жолдарды салу басты мақсат болып отыр. Яғни Шығыс пен Азиядағы Қазақстанның жағдайын осылай ашып көрсетуге болады. Қазақстан елі орналасқан жер, территория, болашақта қарқынды дами алатын мүмкіндігі бар аймақ болып есептеледі. Мәселе сонда, сол қарқынды дамыған аймақтың иесі – қазақстандық халықтың жай-күйі, рухани болмысы, адамгершілік сипаты қандай болмақ?

Қазақстандық халықтың әлемдік деңгейде бет-бейнесі қандай, қандай құндылықтарды ерекше бағалайды, іс-әрекеттері қандай ұстанымдарға негізделген, қандай негізгі басымдықтарға мән береді, қандай идеялармен сусындаған деген сұрақтар арқылы қазақстандық халыққа сипаттама жасауға болады. Жоғарыда айтылған ұлттық құндылықтар мен қасиеттердің маңыздылығы осында. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін, алдымен Қазақстанның қазіргі жаһандану үдерісіндегі негізгі жағдайына, даму бағытына объективті түрде баға беріп көруіміз қажет. Осыған байланысты гуманитарлық ғылымда кең таралған тұжырымдарға тоқталайық. Сонымен бірге, жаһандану жағдайындағы демократия құндылықтарының қазақстандық қоғамға қалай әсер ете алатынына да болжам жасауға болады.

«Жаһандану қарсаңында Қазақстан өркениеттік дамудың жол айрығында тұр:

- біріншісі, англосаксондық, яғни либеральдық демократияға, нарықтық экономика мен жеке бастылыққа негізделген қоғамның даму үлгісі;
- екіншісі, түріктік, яғни коммунистарлық, ұжымдық, шығыстық құндылықтарға негізделген қоғамның даму жолы;
- үшіншісі, еуразиялық».

Біз үшін ең тиімдісі де, ментальдық табиғаты жағынан жақыны да соңғысы. Өйткені, еуразиялық ойдың өзі төзімділік рухымен сусындаған. Онда көшпенділік өркениет пен батыстық мәдениетті, ұлттың тарихи санасы мен әлеуметтік құндылықтарды шығармашылық тұрғысынан

ұштастыру бар. Еуразиялық жолда Батыс пен Шығыс құндылықтары бір ментальдық арнаға тоғысқан. Осындай тоғысу нәтижесінде олардың ментальдық болмысында өмірге қабілетті генотип қалыптасқан. Еуразиялық менталитет қашанда ашық. Оған томаға тұйықтық, оқшаулық жат. Олай болса, дамудың еуразиялық үлгісі Қазақстан үшін ерікті, саналы қалаулардың бірі.

**Қорытынды.** Демократияның басты мақсаты, ұлттық мүддені қорғау мүмкіндігі болып табылады. Себебі, қазіргі жаһандастыру заманында демократиялық даму жолына өту арқылы Қазақстан халқы өзінің ұлттық ерекшелігін басқа, әсіресе үлкен елдерге көрсете алады. Жаһандану үдерісі дегеніміз мемлекеттен, қоғамнан, әрбір жеке тұлғадан ширақтықты, мобилділікті, белсенділікті, бәсекеге қабілеттілікті, ортақ келісімге келе алушылықты талап ететін табиғи құбылыс деп санауға болады. Мемлекеттік тұтастыққа, діни және ұлттық татулыққа, ұлттық санаға, қоғамдық келісімге қарсы «демократияны орнату» деген әдемі идеяны бүркемелеп тарап жатқан да үдерістер жеткілікті. Бұл ұлттық бірегейлікке, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді мүмкін етеді. Сол себепті,

қазіргі таңдағы күрделі құбылыстардың ағымында Қазақстанның ұстанатын саясаты болып, тәуелсіздік алғаннан бастап келе жатқан басымдылықтардың өзгермеуі және ұлттық мүддемізді қамтамасыз ететін саясат болып саналады. Қазақстанның әлемдік саясатта, жаһандану заманында өз тұғырында нық тұруы үшін азаматтық құндылықтар тұрғысынан да, ұлттық құндылықтар тұрғысынан да ортақ мәмілелік пен ұлттық бірегейлік болып табылатыны сөзсіз. Жаһандану жағдайындағы ұлттық мүдде мен бірегейлік ерекшеліктеріне байланысты қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қала алатын қазіргі таңдағы бірден бір институт болып саяси билік қалып отыр. Әрбір тарихи кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері болады және сол ерекшеліктері арқылы әрбір мемлекеттің, қоғамның тағдырына өз іздерін қалдырады. Сол тәрізді жаһандану да ХХ ғасырдың аяғынан басталған әлемдік үдеріс және бұл да қазақстандық қоғамға өзіндік бір сын болып табылады. Жалпы адамзаттың тарихына шолу жасайтын болсақ, ол жалпылықтан жалқылыққа ауысып, одан кейін қайтадан жалқылықтан жалпылыққа ауысып келе жатқандай.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Жармакина Ф.М. Казахстанский менталитет в условиях постмодернизации // Казахская цивилизация - 2005. - № 2. - С. 75-82.
2. Нысанбаев А.Н. Цивилизационные традиции и менталитет казахского народа // Казахская цивилизация - 2005. - № 2. - С. 83-90.
3. Нысанбаев А.Н. Философия взаимопонимания / А.Н. Нысанбаев. - Алматы: азақ энциклопедиясы, 2001. - 544 с.
4. Амеркулов Н., Масанов Н. Казахстан между прошлым и будущим / Н. Амеркулов, Н. Масанов. - Алматы: МПТ «Берен», 1994. - 206 с.
5. Нысанбаев А.Н. Глобализация и транзитное общество // Аналитическое обозрение. - 2001. - № 4-5. - С. 89-100.
6. Нысанбаев А.Н. Казахстан в поисках национальной идеи // Казахстан спектр - 2003. - № 2. - 93-102 б.
7. Kymlicka W. Liberal Multiculturalism as a Political Theory of State-Minority Relations // Political theory. Available at: <http://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/0090591717696021?journalCode=ptxa> (accessed 14.11.2020).
8. Kimlicka W. Multiculturalism: Success, Failure, and the Future Available at: <file:///C:/Users/1/Downloads/MPI.pdf> (accessed 14.11.2020).
9. Лаумулин М. Закат мультикультурализма. Наступает эра европейского ислама // «Континент». - 2006. - № 5. - С. 11-17.

10. Нестеров А. Г. Проблемы мультикультурализма в отечественной культурологии и политологии // Современная Европа. - 2017. - № 2. С. 25-29.

**Г.Р. Шерьязданова, Х.С. Абдильдина**

*Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, Нур-Султан, Казахстан*

**Вопросы национальной идентичности и национальных интересов  
Казахстана в условиях глобализации**

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы национальной идентичности, уникальности культурного кода казахского народа в контексте глобализации. Выделено несколько предметных областей исследования, в том числе вопросы национальной и этно-культурной идентичности казахстанского общества, культурные и исторические особенности его формирования в эпоху глобализации. Данные вопросы учитывают специфику казахстанского общества с точки зрения исторической и мировой политики. Задаваясь вопросами о месте казахского народа на мировой арене, мы рассматриваем несколько аспектов: как можно описать казахстанцев, каковы их ценности, на каких принципах основаны их действия, каковы их основные приоритеты и какими идеями они вдохновляются, в чем заключаются важность национальных интересов Казахстана и уникальность культурного кода в условиях глобализации.

**Ключевые слова:** глобализация, национальные интересы, национальная идентичность, социальная стабильность, демократическое развитие, национальные ценности.

**G.R. Sheryazdanova, H.S. Abdildina**

*S. Seifullin Kazakh Agro Technical University*

**National identity and national interests of Kazakhstan in the context of globalization**

**Abstract.** The article discusses issues of national identity and the uniqueness of the cultural code of the Kazakh people in the context of globalization. The article highlights several subject areas of research, including issues of national and ethno-cultural identity of Kazakhstan society, cultural and historical features of its formation in the era of globalization. These issues take into account the specifics of Kazakhstan society in terms of world politics and history. In asking questions about the place of the Kazakh people on the world stage, we consider several aspects: a description of the Kazakh people, their values, the principles on which they are guided, their main priorities and the ideas that inspire them, the importance of Kazakhstan's national interests and the uniqueness of its cultural code in a globalized world.

**Key words:** globalization, national interests, national identity, social stability, democratic development, national values.

**References**

1. Zharmakina F.M. Kazakhstanskiy mentalitet v usloviyakh postmodernizatsii [Kazakhstan mentality in the context of postmodernization] *Kazakhskaya tsivilizatsiya*, [Kazakhstani civilization], 2, 75-82 (2005). [in Russian].
2. Nysanbaev A.N. Tsivilizatsionnye traditsii i mentalitet kazakhskogo naroda [Civilization traditions and mentality of the Kazakh people] *Kazakhskaya tsivilizatsiya* [Kazakhstani civilization], 2, 83-90 (2005). [in Russian].
3. Nysanbaev A.N. *Filosofiya vzaimoponimaniya* [Philosophy of Understanding] (Kazakh entsiklopediyasy, Almaty, 2001, 544 p.). [in Russian].
4. Amerkulov N., Masanov N. *Kazakhstan mezhdu proshlom i budushchem*. [Kazakhstan between past and future] (IHP Beren, Almaty, 1994). [in Russian].
5. Nysanbaev A.N. *Globalizatsiya i tranzitnoye obshchestvo* [Globalization and Transitional Society] *Analit.obozrenie*, [Analytical review], 4-5, 89-100 (2001). [in Russian].
6. Nysanbaev A.N. *Kazakhstan v poiskakh natsional'noy idei* [Kazakhstan in search of a national idea] *Kazakhstan spektr*, [Kazakhstani Spectrum], 2, 93-102 (2003). [in Russian].

7. Kymlicka W. Liberal Multiculturalism as a Political Theory of State-Minority Relations// Political theory. Available at:<http://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/0090591717696021?journalCode=ptxa> (accessed 14.11.2020).
8. Kimlicka W. Multiculturalism: Success, Failure, and the Future Available at:[file:/// C:/Users/1/Downloads/MPI.pdf](file:///C:/Users/1/Downloads/MPI.pdf) (accessed 14.11.2020).
9. Laymylin M. Zakat mylticulturalizma nastypaet era evropeyskogo islms [t he decline of multiculturalism. The era of European Islam is coming] Kontinent [The Continent],5, 11-17 (2006). [in Russian].
10. Nesterov A. G. Problemy mul'tikul'turalizma v otechestvennoj kul'turologii i politologii [Problems of multiculturalism in national cultural studies and political science], Sovremennaya Evropa [Modern Europe], 2, 25-29(2017). [in Russian].

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Шерязданова Гульмира Рустемовна** – корреспондентия үшін автор, с.ғ.к. , доцент, Философия кафедрасының профессор м.а., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Абдильдина Хорлан Садуакасовна** – ф.ғ.к, Философия кафедрасының қауымд. профессор м.а., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Sheryazdanova Gulmira Rustemovna** – **Corresponding author**, Associative Professor at S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Abdildina Horlan Saduakasovna** – Associative Professor at S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan, Kazakhstan.